"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 95 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 438 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 95 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 212 -құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

«Заңнаманы жетілдіру, сапалы норма шығару қызметі» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту және оны үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру» деген 1.1-мақсатта:

«Нысаналы индикаторлардағы» реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. ЖБИ рейтингіндегі «Үкіметтің іс-қимылының заңдылығын даулауда құқықтық шеңберлер тиімділігі» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | 75 | 85 | 80 | 70 | 75 | 74 | 73 |
| 3. ЖБИ рейтингінде «Азаматтық дауларды реттеудегі құқықтық шеңберлер тиімділігі» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | 82 | 86 | 80 | 70 | 66 | 65 | 64 |
| 4. ЖБИ рейтингінде «Меншікке құқық» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | 103 | 112 | 108 | 100 | 76 | 75 | 74 |
| 5. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінде «Келісімшарттарды орындау » индикаторы бойынша позицияны жақсарту | Дүниежүзілік Банк есебі | орын | 36 | 36 | 35 | 26 | 27 | 26 | 25 |

»;

«Сапалы норма шығармашылық процесін қамтамасыз ету» деген 1.1.2-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріндегі» реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Мемлекеттік органдар әзірлеген Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын келісуге және бұрыштама қоюға ұсынылғандардың жалпы санынан Әділет министрлігі қайтарғандарының үлесі (2012 жылдан бастап базалық көрсеткіштерін анықтау) | Әділет министрлігінің есептік деректері | базалық көрсеткіштен % қадам | - | - | - | - | 64 | 62 | 60 |

»;

«Елдің бәсекеге қабілеттілігін азаматтық заңнаманы жетілдіру жолымен, соның ішінде азаматтық дауларды реттеу кезінде арттыру» деген 1.1.4-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар» мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. Қазақстанның құқықтық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша құқықтық саясаттың 2010 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасына өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау | | | X | | |

»;

«Сот актілерін орындау институтын жетілдіру» деген 3-стратегиялық бағытта:

«Атқарушылық іс-жүргізу органдарының тиімді жүйесін құру» деген 3.1.1-міндетте :

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар» мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. Алименттерді төлемегені үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | X | | |

»;

«Дүниежүзілік сауда ұйымының және Дүниежүзілік зияткерлік меншігі ұйымының нормаларына сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын қорғау» деген 5-стратегиялық бағытта:

«Зияткерлік меншікті дамыту үшін Қазақстанда қолайлы жағдай қалыптастыру» деген 5.1-мақсатта:

«Нысаналы индикатордағы» реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. ЖБИ рейтингінде «Зияткерлік меншікті қорғау» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | - | - | 90 | 80 | 91 | 90 | 89 |

»;

«Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету» деген 5.1.1-міндетте:

«Тікелей нәтиже көрсеткіштеріндегі» реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын;

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар» мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 6, 7-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. Авторлық және патенттер мәселелерін реттейтін заңнамаға тексеру жүргізу | | | Х | | |
| 7. Бұрын берілген патенттер мен тіркелген авторлық құқықтарды коммерциялау мүмкіндігі мәніне талдау | | | Х | | |

»;

«Әділет органдары ұсынатын мемлекеттік қызметтердің сапасын, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және білікті заң көмегіне қолжетімділікті қамтамасыз ету» деген 6-стратегиялық бағытта:

«Әділет органдары көрсететін мемлекеттік қызмет сапасын арттыру» деген 6.1-мақсатта:

«Нысаналы индикатордағы» реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. ЖБИ рейтингіндегі «Бизнесті бастау үшін қажетті рәсімдер саны» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | 60 | 57 | 50 | 40 | 46 | 45 | 44 |
| 3. ЖБИ рейтингіндегі «Бизнесті бастауға қажет уақыт» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | 62 | 71 | 65 | 50 | 79 | 78 | 77 |
| 4. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі «Кәсіпорындарды ашу» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | Дүниежүзілік Банк есебі | орын | 82 | 47 | 46 | 45 | 24 | 23 | 22 |
| 5. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі «Меншікті тіркеу» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | Дүниежүзілік Банк есебі | орын | 31 | 28 | 27 | 26 | 27 | 26 | 25 |

»;

«Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру» деген 6.3-мақсатта:

«Нысаналы индикатордағы» реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. ЖБИ рейтингіндегі «Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындылығы» индикаторы бойынша позицияны жақсарту | ДЭФ есебі | орын | - | 75 | 65 | 46 | 30 | 29 | 28 |

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК